

2024-2025 оқу жылы Еленовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің үйде оқитын 9 «Ә» сынып оқушысы Беркінұлы Арманбекпен 1 тоқсанда жүргізілген жұмыстар бойынша анықтама

Беркінұлы Арманбек «Еленовка ауылының ЖОББМ»КММ –нің 9 «Ә» сынып оқушысы 02.09.24 қыркүйектен бастап инклюзивті «Жеңіл ақыл-ой кемістігі» бар оқу бағдарламасы бойынша үйде білім алуда. Оқушының білім деңгейі денсаулығына байланысты қанағаттандырылық. Сабақта жеңілдетілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыптық күнтізбелік жоспар оқушыға медициналық көрсеткіші мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жасалды.

«Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» 2 рет, «Адам және әлем» пәні 2 рет аптасына берілді. Арманбек ауызша тапсырмаларды орындайды, жазбаша тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен орындайды. Арманбектің есте сақтау қабілеті нашар. Тапсырмаларды шамасы келгенше тырысады. «Адам және әлем» сабағында тапсырмалар сәйкестендіру, бояу түрінде беріледі.

«Санау» пәнінен алдын ала жоспарланған күнтізбелік- тақырыптық жоспар бойынша сабақтар өткізілді.

Оқу пәнінің мақсаты-білім алушылардың әлеуметтік бейімделуіне және оларды дербес еңбек әрекетіне даярлауға ықпал ететін, қолжетімді математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру.

Математиканы оқыту міндеттері:

1. Білім алушының әлеуметтік бейімделуіне және оларды дербес еңбек әрекетіне даярлауға ықпал ететін, қолжетімді математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру.

2. Білім алушының тілін дамыту, оны арнайы математикалық терминдер және ұғымдармен байыту, өздік әрекетін түсіндіруге үйрету, тапсырмаларды шешу, геометриялық құрылымды орындау турлы сөздік есеп беру.

Сабақ барысында Арманбекпен өлшем бірліктерін, (килограмм, центнер, грамм,), уақыт өлшемі ( секунд, тәулік, апта, ай, жыл), геометриялық (нүкте, сызық, бұрыштар, квадрат, шеңбер) қайталау өтті. Арманбек түстер, геометриялық пішіндерді ажырата біледі. Санамақ ойыны ойнатылды, саусақпен және санамақ таяқшалары арқылы түстерді ажыра отырып, санауға үйренді. Таяқшалардан әртүрлі фигуралар және үйшіктер құрастырып үйренді. Қайталап сызып, нүктелерді біріктіру жаттығулары жасалды.

Сабаққа барған сайын біріншіден баланың көңіл-күйін көтеріп, психологиялық ойындар өткізілді, динамикалық бақылау журналы толтырылады. Арманбек сабаққа белсенді қатысады, барлық тапсырмаларды жақсы орындайды. «Бейнелеу өнері» және «Шаруашылық еңбек» пәнінен алдын ала жоспарланған күнтізбелік- тақырыптық жоспар бойынша сабақтар өткізілді.

Оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларды заттардың пішінін, және оларды бейнелеу құралдарының көмегімен бере білуге үйрету.

Міндеттері:

1. Тапсырманың мақсатын түсінуге және оны өздігінен немесе мұғалімнің адамның көмегімен орындауға, қимаулігерді пайдалануға, нобай бойынша сурет салуға, бөліктерінің суреттерін аяқтауға, сызықтан шықпай бояуға үйрету;

2. Тақырыптық сурет салу, тікелей заттың өзіне қарап сурет салу, оларды оқу, еңбек процесінде және қоғамдық пайдалы әрекетте пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

2. Бейнелеу өнеріне деген қызығушылықты қалыптастыру және бейнелеу өнері шығармаларымен таныстыру, білім алушыларда көркемдік талғамды, бейнелеу әрекетіне деген қызығушылық пен сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Сабақ барысында Арманбек бейнелеу өнері туралы теориялық мәліметтер және бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлерімен танысты.

Түстер, геометриялық пішіндерді ажыра біледі.

«Пейзаж», «Натюрморт», «Алтын күз», «Республика күні» атты тақырыптарға суретке қарап сурет салды.



«Шаруашылық еңбек» пәнінің мақсаты: күнделікті шаруашылық еңбекке баулу, өз бетімен еңбек етуге үйрету, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру.

Сабақ барысында Арманбек тұрғын үй күтімі, киім күтімі және киімді ылғалды - жылулықпен өңдеу, сыртқы киімдерді тазалау, ас үй ыдыстары мен үй тазалығы ережелері, тазалау тәртіптерімен танысып өзі орындай біледі.

Әр сабақ сайын біріншіден баланың көңіл-күйін көтеріп, саусақ жаттығулары, нейро жаттығулар, психологиялық ойындар өткізіледі. Арманбек сабаққа белсенді қатысады, барлық тапсырмаларды жақсы орындайды.

Оқу бағдарламасы бірінші тоқсан бойынша толық орындалды.

Педагог - психологтың атқарған жұмысының есебінің диагностикалық қорытындысы: танымдық саланың дамуының төмен деңгейі.

Интеллектуалды, танымдық, эмоционалды-ерікті саладағы болжамды түзету-дамыту жұмысы, өзін-өзі бағалауды арттыру, гиперактивтілік, СДВГ, ЗПР,

ОНР, мазасыздық, РДА, қорқыныш (қажеттісін атап көрсету, толықтыру)

Беркінұлы Арманбекпен "Керн - Йирасектің баланың мектепте оқуға

психологиялық дайындығын анықтау" әдістемесі алынды. Нәтижелері

төмендегідей болды: әдістеме жиырма сұрақтан тұрады. Жеңіл сұрақтарға

жауап бере алды. Қайсы жануар үлкен, кіші, түнде қараңғы, шөп жасыл, бір сөзбес жеміс, қала, шлагбаум деген сұрақтарға толық жауап бере алды.

Сағатты суретте неше болғанын айта алмады. Кішкентай қойды лақ

деп, айырмашылықты салыстырып айырып айтып бере алады. Көлік түрлерін

ата дегенде тек тас жолда жүретін көлік маркаларын атады. Жас адам мен



кәрі адамның айырмашылығын толық айтып бере алмады. Адамдар спортпен

шұғылдану себебін толық дәлелдеп айтып бере алды. Конверт пен марканы мүлде білмейді, себебі қазіргі кезде ешкім хат жазбайды, почта арқылы жібермейді. Бұл әдістеме бірінші сыныптың мектепте оқуға психологиялық дайындығын тексеруге арналған. Арманбектің жасы мен қабылдау ерекшелігін ескере отырып жалпы 23 ұпай алды. Бұл жоғары көрсеткіш болып есептеледі. Бірақта өз жасындағы білетін теңдестерімен салыстырғанда көп қиындықтары мен айырмашылығы бар.

Арманбек алдыңғы жылмен салыстырғанды өз есімін қатесіз АРМАНБЕК деп көшіріп бере алады. Сабақ барысында көшіріп беру, математикалық пазылды көп уақыт жұмсап, керек болған жерде мұғалімнің көмегімен тұра орындады.

**Күтілетін нәтижелер: оң динамика**

**Қол жеткізілген нәтижелер: Танымдық саланың даму деңгейінде оң динамика байқалады.**



Оқу ісі меңгерушісі Ташпенова А.Б.